

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 535 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Сауда саясатын дамыту орталығы» акционерлік қоғамын құрудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 616 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 23, 244-құжат):

2 - тармақта:

5) тармақшадағы «арттыру.» деген сөз «арттыру;» деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) сауда саласында зерттеулер жүргізу.»;

2) «Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің «Экономикалық зерттеулер институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қаңтардағы № 61 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 2, 26-құжат):

2 - тармақта:

2) тармақшадағы «(құпия).» деген сөз «(құпия);» деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару.»;

3) «Концессия мәселелері жөнінде мамандандырылған ұйым құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 шілдедегі № 693 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 33, 343-құжат):

2 - тармақта:

13) тармақшадағы «мониторингілеуді жүргізу болып табылатын концессия мәселелері жөнінде мамандандырылған ұйым болып белгіленсін.» деген сөздер «мониторингілеуді;» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік және бюджеттік инвестициялар саласында зерттеулер жүргізу болып табылатын концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым болып белгіленсін.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасының

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ